

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы**



**Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201__ жылғы “_____” _____

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

2017 жылғы 11 қазанда
жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында атап өткендей, ауызсудың жетіспеуі ағымдағы ғасырдың сын-қатерлердің бірі болады.

Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету проблемасы бүгінгі таңда өңірлердегі ең өзекті проблемалардың бірі болып қалуда. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі үкіметтік бағдарламасы (бұдан бұрынғы 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы) жасалды, алайда бағдарламаның нәтижелері елдің көңілінен шықпай отыр.

Халықты сумен қамтамасыз ету жөніндегі аталған бағдарламаларды іске асыруға миллиардтаған қаражат бөлінді. Алайда ел тұрғындарының сапалы ауызсуға қол жеткізу проблемасы бұрынғыша өзекті болып қалуда. Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету проблемасын 2016 жылғы 6 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н. Сабильянов, 2017 жылғы 6 сәуірде С. Қаныбеков пен Ж. Ахметбеков көтерген болатын, алайда бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы тұрғындарының 12,5 %-ы, ал бұл дегеніміз 2,3 миллион адам, нормативтік сапа стандарттарына сәйкес келмейтін суды тұтынады.

Ауылдық жерлерде ауызсумен қамтамасыз ету проблемалары аса өзекті екені байқалады. Тіпті қазіргі таңда ауызсуға қол жеткізу Қазақстанның көптеген ауылдары үшін елеулі проблема болып табылады.

Уәкілетті органдардың деректері бойынша, 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 3 671 ауылдық елді мекен орталықтандырылған сумен жабдықталған, бұл ел бойынша 55,6 %-ды құрайды.

Оның ішінде облыстар бойынша: Ақтөбе облысында – 44,7 %, ШҚО-да – 44,2 %, БҚО-да – 37,4 %, Қостанай облысында – 30,5 %, Павлодар облысында – 20,5 %.

ҚР халқын орнықты сумен жабдықтау проблемаларын қолда бар су ресурстарының шектеулі болуы, олардың жоғары дәрежеде ластануы, және қорларының ел аумағы бойынша біркелкі таралмауы айқындайды. Тұщы жерасты суының жалпы тапшылығына қарамастан, су тіпті барланған кен орындары (Тама-Тастанбек) пайдаланылмайды, ал егер пайдаланылса да, толық көлемде емес, бұл тұтынушылардың сумен қамтамасыз етілу деңгейіне әсер етеді.

Біз Өгем өзенінің суын пайдалану жобасын толық қолдаймыз, бірақ бұл қымбат әрі ұзаққа созылатын перспектива. ОҚО Шардара ауданының тұрғындарын сумен жабдықтауды (Өгем өзенінің көзі ретінде қаралады – Шардараға дейін шашамен 150 километр) Тама-Тастанбек көзінен (40 километр) су беру арқылы шешуге болады.

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстанның сыртқы су ресурстарының көлемі мен сапасына тәуелділігі сақталып келеді, бұл еліміздегі бірқатар су бассейндерінің тұрақтылығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Бұл ретте су ресурстарының сақталуына лайықты көңіл бөлінбейді. Су тұрғысынан осалдық мәселелері елдің азық-түлік, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Бейжіңде «Бір белдеу, бір жол» атты жоғары деңгейдегі Форум көшбасшыларының дөңгелек үстелінде трансшекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды басқару маңыздылығын атап өтті.

Іс жүзінде бар проблемаға қарамастан, шекаралас елдермен – Қытаймен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен су-экологиялық және су-энергетикалық проблемалар реттелмей қалуда.

Су саласындағы мамандардың энергетиктермен келісілмеген әрекеттерін жөнсіз деп есептейміз, бұл су мен энергия ресурстарының жоғалуына алып келеді. 2017 жылдың көктемінде ғана Шардара су қоймасынан іргелес мемлекетке өтеусіз 2,2 млрд. текше метр су ағызылған.

Сонымен қатар, экологтер атап өткендей, жерүсті сулардың ластану мен сарқылу процесі жалғасып жатыр, оның негізгі себебі жыл сайын артып келе жатқан шаруашылық-ауызсу қажеттіліктері үшін таза суды тұтыну көлемдерінің және тиісінше, тазартылмаған немесе жеткілікті тазартылмаған сарқынды сулардың су айдындарына төгілетін қалдықтары көлемдерінің ұлғаюы болып табылады.

Мәселен, БАҚ-нан естігеніміздей, Жамбыл облысында натрий цианидті өндіретін зауыт тазартылмаған қалдықтарын Қаратау қаласының

кәріздіктүндырғыларына төккен. Фермерлердің айтуы бойынша, бұл малдың қырылуына әкеп соқты.

Су қоймаларында проблемалы жағдай қалыптасып отыр. Мәселенің күрделілігін 2017 жылғы көктемгі су тасқындары растады. Бұл ретте су қоймаларын пайдалану режимін және технологиялық талаптарды сақтамай жүргізіліп жатқанын атап өту қажет. Кейде су қоймаларының қысқы жұмыс режиміне әзірлігі логикаға да бағынбайды.

Қазақстандықтардың қолайлы өмір сүруі үшін көптеген істер жасалып жатқанын ешбір күмәнсіз айта аламыз, бірақ бұл ретте Сіздің назарыңызды орындалған мердігерлік жұмыстардың сапасына аударғымыз келеді.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Жоғарыда аталған проблемаларды жылдам шешу маңыздылығын ескере отырып, қабылданып жатқан шаралар туралы заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауыңызды сұраймыз.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан»
партиясы Фракциясының мүшелері

Қ. Ержан

А.Ералиев